

Л 2005

5990 ₮

Ауыл
КИТАПХАНАСЫ

Мархабат БАЙГҮТ

Ауыл әңгімелері





98-20-8516193
Ақын-жазушылардың
көзіндеңілдік мәдениетінен
жасауда даңызда

Мархабат БАЙФҮТ

Күдіксіз, жеке күдіксіз да жаңынан жасалған. Батырлық жүргізу, азаттық та күдік болып саналады. Назар-жыныс, азаттық да күдік болып саналады. Бітім күрмегі демалыска шыбын еди, жақынса хырам береді.

Көйшың көзегі зиң алда барылса да, Тұрсынбек азырақ-безер. Олі колхозда «өрнектербен» Негізі маңындағы — шыбын. Бітім жаңынан жасауда да жаңынан жасалған. Солардың мәдениетінен жасауда да жаңынан жасалған. Азаттық да күдік болып саналады. Егер күдік болып саналады да, оның көзіндеңілдік мәдениетінен жасауда да жаңынан жасалған. Барылса да, оның көзіндеңілдік мәдениетінен жасауда да жаңынан жасалған. Барылса да, оның көзіндеңілдік мәдениетінен жасауда да жаңынан жасалған. Барылса да, оның көзіндеңілдік мәдениетінен жасауда да жаңынан жасалған. Барылса да, оның көзіндеңілдік мәдениетінен жасауда да жаңынан жасалған.

Ауыл әңгімелері

Азаттық да күдік болып саналады да, оның көзіндеңілдік мәдениетінен жасауда да жаңынан жасалған. Барылса да, оның көзіндеңілдік мәдениетінен жасауда да жаңынан жасалған. Барылса да, оның көзіндеңілдік мәдениетінен жасауда да жаңынан жасалған. Барылса да, оның көзіндеңілдік мәдениетінен жасауда да жаңынан жасалған. Барылса да, оның көзіндеңілдік мәдениетінен жасауда да жаңынан жасалған. Барылса да, оның көзіндеңілдік мәдениетінен жасауда да жаңынан жасалған. Барылса да, оның көзіндеңілдік мәдениетінен жасауда да жаңынан жасалған. Барылса да, оның көзіндеңілдік мәдениетінен жасауда да жаңынан жасалған. Барылса да, оның көзіндеңілдік мәдениетінен жасауда да жаңынан жасалған. Барылса да, оның көзіндеңілдік мәдениетінен жасауда да жаңынан жасалған. Барылса да, оның көзіндеңілдік мәдениетінен жасауда да жаңынан жасалған.

Алматы
“Кайнар”
2004

*Қазақстан Республикасы
Ақпарат министрлігінің бағдарламасы
бойынша шыгарылып отыр*

Байғұт М.

Б 17 Ауыл әңгімелері. Алматы. «Қайнар». 2004. – 432 бет.

ISBN 9965-9325-7-3

Жазушы Мархабат Байғұттың бұл кітабына ауыл туралы әңгімелері кіріп отыр. Ауылға іңкөр қаламгердің аталмыш тақырыпқа жиірек жазатыны, уызды да уытты тілі, әдемі әзілі мен астарлы әжуасы, характер ашудағы айшықты өрнектері оқырман қауымға белгілі. Ауыл адамдарының сезімталдығы мен сағынышын, мұнцы мен махаббатын, талайлы тағдырларын табиғи бейнелейтін прозашы жаңа әңгімелерінде қазіргі заман талабына, бүтінгі уақыттың өуеніне сойкес психологиялық-фәлсәпалық тың ізденістер таныта түскен.

C 4702250201
403(05)-04

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-9325-7-3

© Байғұт М., 2004
© «Қайнар» баспасы, 2004

00014587



ЖАЛБЫЗДЫНЫң ЖАҒАСЫНДА

Құдықсайда қойды кезек бағады. Қоғам малы болмаса, жекеменшік қой-ешкіні бағуды жүрт намыс көретін болғалы қашан. Ең соңғы падашы Назар жарықтық та қартайып, екі жыл бұрын құрметті демалысқа шығып еді, жақында қырқы берілді.

Қойдың кезегі екі айда бір келсе де, Тұрсынбек азарда-безер. Өзі колхозда «разнырабош». Негізгі ма-мандығы — маяшы. Бас маяшы десе де болады. Құдықсайды бес-алты қой қора бар. Солардың маңайына екі-екіден мая жиналады. Алғашқы шөмелде шөпті жайма-лаудан бастап маяның төбесін шошайтып, тортақамен тырмалап, төңірегін сызыруға дейінгі жұмыстың бәріне бас-көз болып, бел ортасында жүретін өзі. Ал өзге уақытта — «разнырабош».

Міне, бүгін Тұрсынбек жекеменшік қойдың кезе-гінде. Әлі шоп шабу науқаны басталған жоқ. Колхоз жонышқаның алғашқы орымын жинап алған. Ендігі қырдың шөбі мен Жалбыздының жағасы шабылғанша он-он бес күн тыныс алуға болады.

Бүгінде бұл төңіректе жайылым да қалмаған. Жеке мал жалғыз ғана Шошактөбені айналып, шандатады да жүреді. Шабындыққа түсіруге болмайды. Тұрсынбек тықыр беткейде жамbastap жатып шеттік кемірген ешкілерге, ажырықтың қалдығын бырт-бырт үзген момын қойларға қарады. «Бырт-бырт-бырт». «Бырт-бырт». Оқта-текте «Eh-he», «eħ-eħ» деп арық-тұрақ тоқтылар жөтеледі. Ешкінің көбі итмұрынға байланып қалғандай. Тек Хабарбектің қара текесі ғана тыныш таппайды. Қашанғы қара теке. Осы ауылдың кебенек атаулысы соған тартқан тағы да. Откен кезекте осы бәле бүкіл маллы жана когерген жонышқаға бастап кетіп, үлкен үятқа қалдырған. «Сенің текен-ақ боле

болды!» — деп Хабарбекке әжептәуір ашуланған. Ол мырс-мырс құлген.

«Бырт-бырт-бырт».

Осындағ бір сарынды дыбыстар тербеген болу керек. Тұрсынбектің көзі ілініп кетіпті. Қия беткейде жамбастап жатып-ақ қалғып кетіпті. Орнынан ұшып түрдү. Қой да орнында, ешкі де орнында. Көзін үқалап жіберіп, Хабарбектің қара текесін іздеді. Орнында. Түс болды, енді ешқайда кете қоймайды.

«Ойбай-ау, есек қайда?!» Есегі де тып-тыныш, құлағы салбырап тұрған. Ал енді ше? Енді сайдың табанына түсіп үлгеріпті. Ауылға қарай аяңдап кетіп барады. Бұған не бәле көрінді? Соның соңынан жүгіруі керек пе? Далақтап? Қойшы-и. Бір күн жаяу жүрсе неғыпты сонша.

Тұрсынбек қия беткейге қайта қисайды. Қайтадан ұшып түрдү. «Оу, не жатысым бұл?! Ойы-ба-ай! Есектің өзі кетсе мейлі ғой. Ердің қасында түскі тамак ілулі емес пе? Бір таба нан, пияз, бір бөтелке айран бар ғой дорбада! Бір күнге аштан өле қоймас-пын-ау, бірақ мына пәле жолда құтырар. Өзі құтырмаса, бос жүрген есектер құтыртар. Сонда деймін-ау, ере байлаған түскі тамак шашылып бір жерде жатса, тартпаның өзі төрт жерден тігілген еді, ер-тоқым шашылып екінші жерде жатса. Ойы-ба-ай! Ердің екінші жағында Жамбылдағы Жәмила жетпіс екі сомға әкеп берген «Спидола» транзисторы тағы бар! Ол жатса үшінші жерде. Қарап жатпай, түскі демалыс көнсертін беріп жатса... Оу, мынау кімнің есегі, Тұрсынбектің есегі десе... Қой, қуып жету керек!»

Тұрсынбек бір шақырымға жетекшіл жерді жүгіріп өтіп, есектің алдынан орағытып шыға келді. Бірақ ырылдарап, ентігіп қалды.

Есектің еріне сүйеніп, ентігіп тұрса, орталықтан Хабарбек келе жатыр.

— Қойда ма десем, ойда жүрсің ғой, көк соққан.

— Қойды сенің қара текене тапсырып, Жалбыздыға шомылып қайтып ем, түскі демалыс көнсертін тындал түрмyn.

— Есегің қашып, қуып жетемін дегенде көкірегің ашып түр білем. Қазір бәрін басқызамын. Сүйіншіге не бересің?

— Ой, қойшы. Сенен қайбір жақсылық шығады дейсін.

— Жок. Сүйіншінді айт. Жүргің жарылып кетпесін.

— Ал, мен кеттім, — деп Тұрсынбек есекке мінді.

— Көп боса балалардың жәрдем ақшасын өкелген шығарсың. Біреуін өкелсөн, бір сомды, екеуін өкелсөн, екі сомды бәрібір аласын.

— Мә-мә-мә-ә! Оқы-ы! Қатының герой бопты. Указбен! Аудан бойынша бес-ақ қатын. Бұрын он бесжырма болушы еді, бұжолы бесеу-ақ. — Хабарбек облыстық газетті аттың үстінен лактырып жіберді. Тұрсынбек жерге түсірмей қағып алды.

— Сонымен сүйіншіге не бересін? Үшінші бетін қарасайшы. Бірінші бетте нең бар. Бірінші бетке басқа герой шығады. Әлі күнгө дейін газеттің мәнісін білмейді. Оқымайды ғой бұлар, оқымайды. Бүгін шыққан газет бүгін жетсін деп алашапқын боп өкелесін. Облыстағылар тұн үйқысын төрт бөліп шығарады-ау осыны. Таксимен бізге жеткізеді. Хабарбек қара қасқасымен Құдықсайға шабады. Мұндағылардың тұрысы мынау менірейіп. Тұксіз, түйсікісіз.

— Сүйіншіні герой болған адамнан аласын да, — деді Тұрсынбек газеттен көзін алмай. Сырты салмақты болғанымен, ішінен қатты толқып тұр еді. — «Жанасбаев Тұрсынбекке ардақты әке атағы берілді» деп жазылса ғой, жөні басқа, мына жерде Жанасбаева Орынкулді айтқан. Так што... Содан аласын...

— Қойшы енді, қашан жуасың, соныңды айтшы.

— Оны да Жанасбаева жолдас білсе керек.

Хабарбек қамшысын сарт еткізді, қара қасқа ыршып тұсті.

Тұрсынбек облыстық газетті қолына ұстаған күйі қойға, қияға қарай бетtedі. Қайта-қайта қарайды. Қисайып жататын орнына жеткенше газет тозатын болды. Өзі ғой, өзі. «Жанасбаева Орынкул — Тұлкібас ауданындағы «Қызыл жұлдыз» колхозының колхозшысы, Құдықсай ауылы» депті.

Орнына келіп, Орынкулдің таңертең берген түйіншегін шешті. Қоныр орамалды жазды. Жаңа газетті тосеуге болмайды. Сактау керек. Торт бүктеп, бір орап, қойын қалтасына салып қойды. Нан оралған ескі

газетті төседі. Оны да ары-бері ақтарып қарады. Указ жоқ екен. Мұндай Указ айында-жылында сирек шығады ғой. Он баланы кім болса сол туып жатқан жоқ. Бұл өзі үлкен оқиға. Үлкен қуаныш. Жаңағы Хабарбекке бірдене атай салу керек пе еді? Сөйтү керек еді. Бірақ өзі адамға қиғаштап, биқтен қарайды. Бірінші бетте нең бар дейді. Үшінші бетті қара дейді. Оқымайсың дейді. Өзі адамды менсінбейді. Сондай бәлесі бар. Сонысын жақтырмайды. Қашан көрсөн де сөйтеді. «Қатының тағы да егіз туда ма?» «Ертерек геройға жеткізбейсің бе?» «Бәрі өзіндікі ме? Жартысы қара, жартысы сары ғой?» Міне, сөзі осындей. Өзінің бір ұл, бір қызы бар. Әйелі тумай қойған. Әйтпесе, алда жалда бір-бірімен жаға жыртысқан жоқ.

Төбел қойды сойып, ауылдастарды шақыру керек. Хабарбекке бірдене берген дұрыс.

Айранды ішіп алды. Нан мен пиязды жеп отыр. Орынқұлдің шайы болар ма еді? Өзі білегін көрсетіп, білезігін сылдырлатып құйып берсе. Былайша қарағанда, Орынқұлді он бала туған дей қоюдың өзі қын-ау. Қырықтан енді асты. Аздал әжімі бар. Бірақ сол құрығыр әжімдері де әдемі ғой. Анау Қарынбектің қатыны ше? Сол сары қатын Орынқұлмен жасты. Бірақ оның әжімін құдай басқа салмасын. Мыж-тыж. Екі-үш бала-ның өзіне азып-тозып... Мезгілінен бұрын қартайып... Оның қасында Орынқұл қайда-а-а. Рас, нан жабудан-ақ шаршайды. Ойы-ба-ай! Балалар да қын-ау. Мына жақтан жауып жатса, мына жақтан жеп жатады. Орынқұл жиырма таба наңды жауып та болады, балалары жеп те біtedі. Бір қарасаң, бір-бір жарым таба нан қалады-әй. Орынқұл күліп қойып, мандайынан шып-шып сорғалаған терді сұртіп, қайтадан нан ашытуға кіріседі-әй.

Тұрсынбек қойын қалтасынан газетті қайта суырды. Тағы қарады. Өлең айтқысы келді. Несі бар, мына жерде ешкім естімейді. «E-he-he-ей! — деп бар даусымен айқай салды. — Eh-he-he-ей! Ah-ha-a-ай! Oh-ho-ho-o-ой! Орынқұ-ұ-ұ! Құттықтаймын!»

Құдықсайдың жарбактары да «у-у-у» деп жаңғырығады. Хабарбектің қара текесі жақтырмай, сүзе қарайтындей. Хабарбек секілді биқтен, қиғаштап коз тастайтындей.

Күн батар-батпаста қойды ауылға қарай қуа жөнелді. Оны бүкіл ауылдың адамдары үйлерінен шығып, қолын қысып, құттықтайдындаі көрінді. Ауылдың өзі де жана батқан күннің қызыл арайына шомылып түр екен. Биік теректердің жапырағына дейін жалт-жұлт ойнайды. Әлі піспеген алма да жақұттай жарқырайды.

Шеткі үйлер қой-ешкісін бөліп ала бастаған. Ешкім ештеңе дейтін емес. Газетті алмаған ба, көрмеген бе, оқымаған ба, немене?!! Көрсе де көрмеген, білсе де білмеген бола ма? Ондайлар табылады. Көре алмайды ғой, көре алмайды.

— Куаныштарың құтты болсын, айналайын, — деді белі бүкірейіп жүретін Бейсеғыз кемпір жалғыз ешкісін жетектеп бара жатып.

«Е, бәсек!»

— Рақмет, апа, бірінші бұл ауылдан сіз құттықтадыңыз! — деді мәз болып. — Қой сойып шақырамын, жуамын, апа!

— Отец-герой! Қалай ғана көшеге сыйып келе жатсың? Құттықтаймызы! Аддуши! — Бұл газеттің аты-жөнінен адресіне дейін оқып шығатын, өзі де хабар-ошар жазып тұратын Әлібай еді.

«Е, бәсек».

Орынқұл бір баласын көтеріп, бір баласын жетелеп, алдынан шығып түр екен. Қисық жиденің қасында, қос теректің ортасында түр. Құледі. Перзентханаға барғанда да өстіп құлетін. «Нешауа. Жарасады». Тұрсынбек Орынқұлдің қолын алды. «Пәздірәбляю» деді. Қия беттегі «ю-у-у» ойына түсіп, жымиды. «Сізді де» деді Орынқұл. «Біз емес, сіз ғой орден алған, атақ алған,» — деді бұл.

— Шаршаған жоксың ба? — деді сосын Орынқұл.

— Неге шаршаймын.

— Қойдың кезегін жақтырмаушы едің.

— Бұл жолғым серуен болды, — деді бұл. — Өзің шаршамадың ба?

— Үйде отырып па?

— Даланың тірлігінен үйдің тірлігі қыын ғой. Бүгін бір түрлі көтеріліп жүрдім.

— Кімнен естідің?

— Хабарбек сүйінші сұрап, газет әкелді.

— Е, бәсеке...

Ертеңіне ауылдастарын шақырды. Жуды. Төбел қойды сойған.

Екі күннен кейін бір тоқтысын сойып, бас-сирағын үйітіп, ішек-қарнын аршып, далаға мұздатып қойды да, елең-алаңнан автобусқа мініп, Жамбылға тартты. Жамбылда Жәмила тұрады. Өткен жылы ЖенПИ-ді бітірген. Екі жыл бұрын күйеуге шыққан. Күйеу бала фосфор жағында. Әзірше өз үйлері жоқ. Бір кемпірдің қолында, төртінші қабатта тұрып жатыр. Мұздай сұы, ыстық сұы, тағы басқалары, бәрі ішінде. Жәмиланың мектебі сәл алыстау. Тиіп-қашып жұмыс істеп жүр әзірше. Айлығы аздау. Бала да әлі былай, оң қолын танып, сол қолын танымай дегендей, икемсіздеу. Шәрлі жерден шыққан бала. Екі-үш айда бір тапқан-таянғанын жеткізіп тұрады. Үйдегі балалардың аузынан жырады. Қанша дегенмен, қаланың аты — қала. Жаңа тірлік. Шүкір, жақсы бол кетер. Балаларының алды осы Жәмила еді. Жаман болмады. Жаман емес. Оқуға өзі кетті, өзі тұсті. Жамалбекі де, әне, оқып жүр. Осы үйге кеп тұрады рой, әйтеуір.

Тоқтының етің женіл емес сияқты. Жаман шыққан жоқ. Өз қатығы өзінде. Енді жалғыз ісегі қалды соятын. Соны әкелмек еді, Орынқұл ақыл айтты: «Ұяттылау мейман келсе, керек болар. Жақсылы-жаманды, әйтеуір, мынадай атақ-абырой алып қалдық» деген.

Тоқтының етің екі қолына кезек-кезек ауыстырады. Ақырында арқалап алды. Тас үйлердің арасымен келе жатыр. Қозықүйрық секілденген бастырманың астына біраз аялдады. Қарсы үйдің бесінші қабатында, балконда белуарына дейін жаланаш семіз адам тұр екен. Бұған қарап миығынан күлді. Қапшық арқалап, аптапта ақжемденген фуражке, қара костюм киген, шып-шып терге түскен Гұрсынбекке күліп тұр, әрине. Е, күле берсін. Кім кімге күлмейді бүгінде. Тас үйде, сан қабатта Құдықсайдың теректеріндегі үяды солықтаған шымшық құсап көрген күндерің бар болсын! Сен маған күлдің рой, мен саған күлем. Ал, әйтпесе! Шымшық құсап, айнала алмайтын балконыңда

аузынды ашып, тамағынды булкілдетіп, неменеге мәз боласың?! Миығынан күледі. Мұздай сұым, ыстық сұым, тағы басқаларым үйімнің ішінде дерсің. Ал мейлі. Суың жақсы-ау, мұздайы, сұығы. Тағы басқаларың қыны да. Өзі көкіненмен қатар тағы. Күледі-әй, маған барып. Қапшық па, қапшықты тапсаң арқаларсың. Мұның ішідегіні көрсөн, күлкің тыйылып, көзің жайнап кетер. Қаладелнегің бос-ау, ә?!

Қапшықты қайта арқалады. Бұрылып, балконға тағы көз салған. Жаңағы семіз жас күлкісін тыйып, калготки жайып жатыр. О, кеуекбас, көрген күнің құрысын! Жөргек жайып тұрысын! Көп боса, екі балаң бар шығар. Өзіміз он бала ту... он балалы болсақ та, құдайға шүкір, жөргек жуып көрген жоқпыз. I-him!

Тағы бір-екі тас үйді айналып өтіп, Жәминалардықіне көтерілді. «Қаладелнектері» бос екен. Қуанып қалды. Құттықтады. Әдейі арнап баратындарын айтты. Бұл асығып үйіне қайтты.

Автобуста Атабек жолығып қалды. Қолын қысып құттықтап жатыр.

— Жақсы кездестің, жұдә жақсы кездестің, — деді ол.

— Ауылға барып мейман болындар. Жуамыз, — деді бұл.

— Барамыз, — деді Атабек. — Шын айтып отырмын. Баяғыда бір-екі мәрте шақырып едін. Енді барамыз, міне. О-от, солай.

— Құдықсайдың талай үйінде болдың. Хабарбектікіне көп барасың. Бізді менсінбейсің, әрине.

— Жо-жоқ. Жұдә жоқ. Әр істің өз сәті болады, құрдас. Осы жолы сәті түсейін деп тұрғанын сезбейсің бе? О-от, солай.

— Келіндер. Әліміздің келгенінше күтеміз. Аянатын біз емес.

— Барғанда, мәселенің өзі былай ғой. Орынкулдің орденін тапсыру мәселесін айтып отырмын мен. Бұл өзі үлкен мәселе. Кейбіреуге беріп жібере салады. Сел себет тапсыра береді. Ал базбіреулерге үлкен кісілер барып, арнайы тапсырады. Сен кейбіреуге жатасың ба, базбіреуге қосыласың ба? Гөп осында, қурдас. О-от, солай!

— Ойы-ба-ай! Сондайы бар дегін. Біздің Орынкүл бірденені сезген екен-ау. Осы жолы мен қызымнан келе жатырмын. Семіртіп отырған дәү ісегім бар еді. Соны сойып апарайын деп ем: «Қоя тұр, ұятты кісілер кеп қалуы мүмкін, Жәмилаға тоқты да жетер», — деп еді.

— О-от, солай! Өзің біл. Ұялмаймын, селсебетімді де үялтпаймын десен, ертіп барамын. Әжептөүір кісілер келеді. Пішen науқаны басталып кетпей тұрғанда, ауылыңа бір бар-е-еп, демалып қайтуға қарсылық білдірмейді ол кісілер.

— Жұдә жақсы. Қутеміз.

— Құткенде, жалпы, былай, жағдай қалай?

— Жағдай жақсы. Қ-қай жағын айтасың?

— Қабағыныздан бастап табағынызға дейін. Бәрі ескерілуі керек. Бұгінде талғам күшті ғой. — Атабек осыны айтып есінеді. — Ке-кейбір үйге барасың-ау, шақырып қоймаған соң. Бірақ қасындағылардан қатты үялышп, жерге қарап қайтасың.

— Қой, өйтпе! Ондайынды айтпа, айналайын. Жерге қарады деген не сүмдыш! Баршылық қой бұгінде. Балалардың өз несібесі. Жәрдем деген ө-өздеріннің, ө-өкіметтің арқасында жаңбырдай жауып тұр. Жерге қарап не көрініпті сонша.

Тұрсынбек бір орнында отыра алмай, тыптыршып кеткен. Мандайынан тер шүмектейді. Ақжемденген фуражкесін алып, алдына қойды. — Сойысым дайын. Ісек. Қара ісек. Құйрығы кетпендей. Тауықты колхоздан жаздырып аламын. Майда-шүйде табылады. Хабарбектің қатынына салат жасатам. Орынкүл о жағына нелеу. Арак-шарағтты орталықтан апарамын. Біздің селмакта қортық арактан басқа дым жоқ. Тағы не керек? Ақылдыңды айт. Селсебет болып сен үялма, өтес-герой болып мен үялмайын. Екі-үш күн бұрын хабар бер. Балалярды тазалықта жұмылдырайын. Бірақ, ойы-ба-ай, біздің үйде кілем жоқ, сосын үстел жоқ.

— Ну, мәселе онда емес. Ертең-бұрсігүні хабарласмын. Айтпакшы, кісілердің ішінде әйелдер болады. Сол жағын ескер. О-от, солай.

— Ойы-ба-ай! — деп басын ұстаган Тұрсынбек. Атабек колхоздың орталығында түсіп қалған.

Үш күн отпей хабар жіберіпті. Тұрсынбектің үйі

абыр да сабыр болды. Үй іші үш қайтара қағылды, қайта-қайта жуылды. Орынқұл балаларын шомылдырды, жаңа жейде, жаңа трусилерін кигізді. Бір жақсысы, Орынқұл тіпті салмақты болып кетті. Дегбірінен айрылған Тұрсынбек еді. Ауданға екі-үш рет, колхоздың орталығына екі-үш рет шапқылады. Бәрібір Хабарбектің қатынынан пайдалы кеңес алу керек сияқты. Олар ауданнан, қаладан келетін меймандарды күтіп үйренген.

— Барсаң бар, — деді Тұрсынбек. — Онсыз атқара алмасан...

Кешке қарай бір баласын көтеріп, бір баласын жетелеп, Орынқұл сол үйге кеткен. Көп ұзамай қайтып оралды. Хабарбектің кербезі жолаушылап кетіпти. Қүйеуін де ала кеткен.

— Ертерек бару керек еді! Нан жабудан-ақ қолың тимейді! — деп Тұрсынбек қалышылдаш кетті. — Бір күн нан жаппасан, жұрт қырылып қалатындай. Енді қайттік?! Атаңа нәлест-ай!

— Қой енді. Балаларға да, мейманға да нан керек.

— Мейман сенің құлді-көмешіне қарап қапты. Магазиннен ақ бөлішке алу керек.

— Ақ бөлішкені ауданда жемей жүр дейсін бе? Таба нан таңсық оларға.

— Ойы-ба-ай, мынаны-ай! — деп танданды Тұрсынбек. — Оны кім айтты саған?

— Мен айттым. Оқымайсың. Газет-журнал оқымайсың. Қолыңа кітап алмайсың.

— Ойы-ба-ай, мынаны-ай! Айтпақшы, Жәмилана шақыртсақ қайтеді, а? Кішкене шәрі көрген.

— Шақырсан, шақырт. Бірақ қалай хабар бересін? Үлгере ме?

— Көршісінде телефон бартұғын. Бір жерге жазғамын. Әй, қайсың барсың? — деп балаларын шақырды. — Әй, үстерінді былғамай ойнаңдар. Біреуің келші бермен. Әлгі ши барқыт бешпентімнің төс қалтасында жекжаттардың тізімі жазылған қойын дәптерім бар еді. Табындаршы.

Алтыншы класта оқитын Айдар үйге зып берді.

— Мынау ма? — деп қоңыр қойын дәптерін алып шықты.

— І-ім, сол. Әкелші.

Сүқ саусағын жалап алып, байыппен аударыстырыды. Жәмиланы ұзатарда жасаған жекжаттардың тізімін түгендеп өтіп, бір-екі бет аударып, қатты да қалды.

— Міне, міне, таптым! Оқы-ма-айсың дейт маған. Біз жаза-а-мыз. О-от, солай! (Атабекке еліккеді осы жерде).

Тұрсынбек қоқыданып, кенсеге, қара телефонға жалынуға кетті.

Ертеңіне сәскеде Жәминалар келген. Артынша меймандар да келді. Бүркеншігі бар машина. Су жаңа екен. Жым-жырт, дыбыссыз, қисық жиденің қасынан отerdeғана «ғыр-р-р» деді де, қораға кіріп кетті.

— Атабек Муратович үйге машинамен кіргізе ме деп көркүп едім, — деп күле түсті толық, ұзын бойлы әйел. Шашын бояп алған. Ернін бояп алған. Кірпігін де сөйткен. Келісіп тұр. Тұрсынбек аузын ашып қарапты да қапты. Жамбылдан, ауданнан мұндай әйелдерді талай көріп жүр ғой. Бірақ өзінің кой қамайтын қорасының алдынан көрген қызық болады екен.

— Это — наш многоуважаемый отец-герой! — деп таныстырыды Атабек. — Аты-жөні Тұрсынбек Жанасбаевич. Ал мына кісі Ольга Тимофеевна. Орден тапсыруға ауданнан ат терлетіп әдейі келіп отыр.

Ольга Тимофеевнадан соң тағы бір әйел түсті. Ол кісі де боянып алған. Бірақ ашаңдау. Орынкүлдің о жақ, бұз жағында сияқты.

— Бұл кісі де Ольга Тимофеевнамен бір салада қызмет істейді. Рахима Рахметовна, — деді Атабек. Міне, құрдас, меймандарың осы.

«Ойы-ба-ай! Екеуі-ақ па? Екеуі-де әйел ме? Енді қайттім?!»

— Азыздар ғой, — деді сасқалақтап. — Біз көп келеді деп...

— Аз болса да саз, құрдас.

— А где наша героиня? А где наша главная виновница? — деп Ольга Тимофеевна жан-жаққа жылдам бұрылып, жіті көз таstadtы. Денесінің едәуір молдығына, толықтығына қарамастан, шапшаң-ақ.

Осы кезде үйден Орынкул де шығып еді. Жәмила кайта киіндірем деп кешіктірсе керек. Бұдан біраз

бұрын қызы тіктіріп әкелген «пірөмой» көйлегі. «Нешауа». «Жарасады». Шашын төбесіне қоқырайтыпты-әй! «Нешауа. Жараспай тұрған жок». Тұрсынбек ке-нет Орынқұлдің аяқ жағына қарап еді, қатты қысы-лып, ұялып кетті. «Гәмәж» киіпті. Қалың ғой ол, ыс-тық қой! Күн жанып тұрғанда, шілінгір шілде түсіп қалғанда. Құлетін болды-ау, күліп кетеді ғой енді. Ольга Тимофеевна да Орынқұлге қадала қарап қалып-ты. Бірақ Орынқұлдің балтырын жалаңаш та, шұлық-пен де көрсету қын екендігі есіне кешірек түсті. Та-мырлары қөгеріп, сыртына шығып жүруші еді. Айдар мен Хайдарды егіз әкелген жылы сол тамырлары шор-шор болып қалды. Тұп-тура жұдырықтай-жұдырықтай, шор-шор бірдене. Қарап тұрып жаны ашитын. Тіпті қарауға қорқатын еді. — Келініздер, төрлетініздер! — деді Орынқұл баспалдақтан түсе беріп. — Аман-есенсіздер ме? Бала-шағаларыңыз есен-сая ма? Жақ-сы жеттініздер ме?

Тұрсынбек қатты танырқады. Өзі не істерін білмей, әбіржіп тұр еді, Орынқұл емін-еркін,abyсындарын шайға шақырғандағыдай игеріп әкетіп барады. Бірақ мына екі әйелдің қасында бәрібір бұған көрілеу ме, қара қошқылдау ма, қисық-қыныр ма, әйтеуір, тым олқы көрініп, құлағы ысып кеткен.

Бұдан әрі Тұрсынбек тұс көргендегі бір бұлдырлау әлемге еніп жүре берген. Меймандар алты бөлмелі үйдің кең залына кірді. Сап-салқын. Жерге жасалған демесе, дастарқан жайнап-ақ тұр. Жамбыл көрген Жәмиланың еңбегі.

Шай ішіп отырып, екі жақ та онша ашыла қойма-ды. Ольга Тимофеевна Құдықсайдың табиғатына таң қалумен болды. Осынша жыл осы ауданда істеп жүріп, мұнда келмегенін, себеп тауып осындай жерді көрсеткені үшін Атабек Муратовичке риза екенін айтты. Осы сөзін естігенде Орынқұл сәл қабағын шытынған.

Шай ішіп болған соң Ольга Тимофеевна орден тап-сырмақ болған. Бірақ бәрі Орынқұлді таба алмай қалды. Ары күтіп, бері күтіп, Тұрсынбек тыска тұра жүгірген.

— Әй, апаларың қайда?!

— Бейсегиз өжемнің үйінде, — деді Жәмила пияз турап тұрып.

— Ол үйде несі бар-Әй, үйде қонақ отырса.

— Бейсегиз өжем қысылып жатыр, — деді Айдар мен Хайдар қосарлана.

— Қысылмақ түгілім өліп неге қалмайды-Әй, тоқсанға келген кемпір. Жүгіріндер, тез жетсін. Ольга Тимофеевнаның тікелей өзі орден тапсырайын деп отса...

Айдар мен Хайдар жүгіріп кеткен. Жүгіріп қайтып келді.

— Өзірше бара алмаймын. Меймандарын өзі күте берсін, — деді апам.

Атабек меймандарды өзге сөзге айналдырып жіберді. Ақырında тамаша ұсыныс тапты: «Жалбыздыға барып шомылайық!»

— Осы ұсынысты көп күттік қой, Атабек Муратович! — деді Раҳима Рахметовна қолын шапалақтаپ.

— Ойы-ба-ай, Жалбызды деген ғажап қой! — деп айқайлап жіберді қызыңқырап қалған Тұрсынбек. — Басында белуардан-ақ келетін балдырлы бөген еді, бүгінде Жалбызды дейтін көлге айналған. Жағасы жалбыз бен қамыс-құрақ. Қандай тал еді өлгі, егіліп-төгіліп тұрады ғой, әйтеуір, сондай бар...

— Мәжнұntал, — деді Раҳима Рахметқызы — Ольга Тимофеевнаның сүйіктісі ғой ол!

— Хозяйкадан ұят болмай ма? — деді Ольга Тимофеевна. — Ертіп барайық.

— Ой, қойыңызшы соны, — деді Тұрсынбек шікірейіп. — Оның өз тірлігі бар. Өліп кетсе де бармайды. Шешінбейді де, шомылмайды да. — Өзі дорбага әлденелерді сықап, толтыра бастады. Епті, пысық болып кеткен.

— Біздің Тұрсынбек Жанасбаевич көп-көп нәрсені түсінеді, аса терең зейінді адам, — дейді Атабек.

Жалбыздының жағасында балалар жүр екен. Тұрсынбек тас лактырып күып таставады. Меймандар таңдайларын тақ-түқ қағысты. Сазға шалғы түскеншеғана уылжып тұратын көлдің жағасы енді бір он-он бес күнде тоз-тоз болар. Таңдайын қағысқан күйі қонақтар шешіне бастады. Тұрсынбек дорбасын ұста-

ған күйі аузын ашыпты да қалыпты. Атабек бүйірінен тұртіп, есін жигызы.

Бір кезде Тұрсынбектің ойына он шақты баласы мен Орынкүл түскен. Кенет бір орнында отыра алмай, тыптырышып кетті.

— Мен бара берейін. Сіздер асықпай келерсіздер, — деді. Қонақтар бас изескендей болды.

«Бейсеғыз кемпір не болды екен? Қонақтар қайтпай өліп қалып, бәле бола ма?»

Үйдің іші у-шу сияқты. Аяқ киімін шешіп, дыбыссыз адымдап барып, үлкен бөлменің тор пердесінен ішке көз тастады.

Жамбылда, гидромелиоративтік-құрылыш институтында оқытын Жамалбектен өзге бала-шағасы түптугел Орынкүлді ортаға алып, дастарқан басына жайғасыпты. Рақат! Бұрын бұлардың тап осылай отырғанын көрмеген секілді. Бірақ жайнаған дастарқан жүдеп-ақ қалған екен. Мына отырыстың ұзаққа созылғаны байқалады. Айдар мен Хайдар лимонад құйылған ыдыстарын тоғыстырып мәз болады. Орынкүл мен Жәмила да әлде ақ қайнар, әлде лимонад құйылған фужерлерін тоғыстырады. Ішті-әй! Ішіп отыр мыналар. Өздерінше мәз-мейрам. Кіріп барып, қыранжапқан етпекке бір бекінді. Бірақ батылы жетпеген. Қайта, керісінше, өзінің де осынау отырыска қосылып кеткісі келгенін сезінді. Айдары мен Хайдары қосарланып барып, сервант жақтан орденді алып, Орынкүлдің омырауына тақты! Жәмиладан бастап бала-шағасының бәрі де құттықтап, қолын қысып, бетінен сүйіп жатыр.

Тап осы кезде бау жақтан Атабектің қатты құлген даусы естілген.

Тұрсынбек есіктің торын серпіп тастап, ішке ентелей енді:

— Эй! Мыналарың не масқара?! Меймандарға не бетімді айтамын. Түк қалдырмапсындар ғой! — деді қыстыға ышқынып.

Балалар дыбыссыз ғана біртіндеп орындарынан тұрып, тысқа беттеген. Қорыққаң-ұріккен сынай жок тіпті. Жәмила да аспай-саспай, ақырын ғана дастарқанды реттеуге кірісті. Орынкүл ғана орнынан тұра

беріп, сүрініп кетті. Омыраудағы орден сыңғыр етті. Бірақ оған ешкім назар аудармады.

Орынкул сыртқы табылдырыктан аттай бергенде тағы сүрінді. Ордені тағы сыңғыр ете түскен. Өзге медальдарымен үн қосқан.

— Oho! Хозяйкамыз орденді өзі-ақ тағып алышты ғой, — деді Рахима Рахметовна. — Мана біз тапсыраң болып едік, қайда кетіп қалдыңыз?

— Бейсегіз дейтін кемпір бар еді. Сол кісі қатты қысылып қалып... Бір-екі сағат басында күзетіп отырдық. Пелішер шақырттық.

— Қандай енді? Тәуір ме? — деді Атабек.

— Беті бері қарады, әйттеуір. Қатты қорқып едік. Бала-шағасы жоқ кісі...

— Е, тоқсанға келген қақпас өлсе өлет те! Тепкілеп тұрып көмеміз де, — деді Тұрсынбек. — Сен маған мынаны айтшы, орденді Ольга Тимофеевна тапсыруы керек еді, өзінің тағып алғаның нең-әй, а?!

— Өзім емес, Айдаржан мен Хайдаржан таққан. Қайтадан алып қоямын деп тарс есімнен шығып кеткенін қарашы. — Осыны айтқан Орынкул орденін ағыта алмай әлектенген.

Сөзге Ольга Тимофеевна араласты:

— Мейлі енді, бәрібір ғой, — деді ол. — Қайта балалардың тапсырғаны жаксы екен...

Ол кісі осылай деген. Бірақ Жалбыздының сұы салқындық етті ме, жақ жұні үрпийп кеткен еді...

...Көп ұзамай шөп шабу науқаны басталды. Жалбыздының жағасына алдымен орақ түсті. Құдықсайдың бас маяшысы Тұрсынбек өзінің негізгі міндетіне кірісті.

КӨРПЕСАЙДЫҢ КИТАПХАНАСЫ

Сұлу кеш тұн қойнына кіріп кетті.

Көп ұзамай ай туды. Айнала сүтке шомылғандай.

Ауада ермен іісі аңқи жөнелді сәлден соң. Оқтатекте жалбыздың иісі келеді. Ай жарығымен шашыратқының гүлдеріне дейін анық көрінеді.

Жүргім сыздап-сыздап кетті. Жүргімде де жалбыз өсетіндей, соны әлдекім жұлып алмақ болып, тартып-тартып жібергендей.

Осы ауылға осындай шақта келіп қайтамын. Жыл сайын жазда бір-екі күнге болса да келіп кетпесем, ештеңеге қолым бармайтын. Сүлесоқ ауруға ұшырайтын сияқты едім.

Айдың сүт сөүлесіне шомылып, сәл ғана еркелей ырғалып тұрған шашыратқылар табан астынан үркे қалысты. Сусылдаса сыйырласып, қатты абыржыды. Әлдеқайда дүркіреп қаша жөнелетіндей.

Артынша айқай шықты.

— Өлтірем! Өлтіре-е-ем!

Тұрлі-тұсті экранда, менің тұрлі-тұсті көніл экранымда жұмбақ бояуға оранып тұрған Көрпесай ауылының түрі де, түсі де лезде онып сала берді. Айнала бозарып барады.

— Ажалың менен! Мене-е-ен! Шық бері! Шық деймін мен са-ған-н-н!

Экрандағы Көрпесай барған сайын сұрланып, дірдір етіп, іркес-тіркес қара сзызықтар ысқыра бастағандай. Айдың сүт сөүлесі де енді шүпірлеген шашыратқыларыма жете алмай, әлдеқайда сүріне тайғанап, алыстап, немесе Көрпесай ауылының үстінде, сона-ау бікте сұына сынып, өзге өңірлерге төгіледі.

— Қайда-а-а?! Қайда деймін? Қайда-а-а?! Шық бері! Берібір олтірем. Өлтіре-е-ем!

Иә, бәрі экранда болып жатқан сияқты. Менің көнілімнің айнасында.

Бұл айқайдың иесі — Көрпесай ауылының қырман менгерушісі. Бидай орылып жатыр. Машиналардың даусы да келіп тұр. Бірақ механикаландырылған қырманның гуілінен менгерушінің даусы басым. Көніл айнасына алыста қалған кала келіп орнады енді. Ал өзім Көрпесай ауылында отырмын.

* * *

Шымкент қаласындағы осы бір кітапхана үйі көзіме бірден жылы үшыраған. Қызыл дипломмен келіп, үлкен қаланың үлкен заводына оп-оңай орналасқанмын. Үшінші күні осы кітапхананы көрдім. Мандашасына «Кітапхана» деп жазып қойған. Шағын ғана үй. Ақ шифермен жабылған бес қабатты бетон жайлар болмаса, сол бір... сол бір қоңырқай ауылдың кітапханасынан ешқандай айырмасы жоқ еді.

Үшінші күн болатын. Әлгі кітапхананың жаңынан өтіп бара жатып жаутаң-жаутаң қарадым. Келіншегімнің қатаң тапсырмасы бар. Жұмыстан сағат алтыда шығамын. Алтыдан жиырма бес минут өткенде үйде болуым керек. Үй емес, айтпақшы, әзірше пәтердеміз. Қатаң тапсырма сол, анау-мынауымызды жинап-терініміз қажет. Көшіп келгенімізге небәрі үш-ак күн болды. Кешікsem, құлаққа обал. Екі жылдан бері ол менің, мен оның сырын алып болып едік. О баста бір-бірімізге жібектей жұмсақ көрініпіз... Таң қаларлық ештеңе жоқ, адам деген озгере береді...

Кітапханаға бесінші күні кірдім. Бұл күні де бұлжытпай орындауға тиісті бүйректарым бар еді, бірақ ақ шиферлі, мандашасына «Кітапхана» деген жалғыз ғана сөзі бар үйдің жаңынан жылдам адымдал өте шығуға шамам жетпеді.

Кітапхана екі бөлмеден ғана тұрады екен. Қандай үқастық деңіз! Ауызғы бөлме оқу залының да, көрмелер залының да, кітап беретін және қабылдал алатын бөлімнің де міндеттін атқарып тұр. Газеттің иісі, кітаптың иісі. Тек ерменнің, жалбыздың, шашыратқының иісі жоқ сияқты. Сонда да терезенің алдындағы гүлдерді соларға үқсатуға тырыстым.

Газет тігінділерін ақтарып отырмын. Айналама қарап қоямын. Бұрышта әлдебір жергілікті ақынның мүшел тойына байланысты кітап көрмесі жасалыпты. Кітаптары аз емес екен. Бірақ аты-жөнін естімегенмін бе, қалай? Бұл қалада ақындар көп дейтін.

Әлгі көрменің оң жағына газет-журналдар қойылыпты.

Көзім газette, бірақ оқып отырған мен жоқ. Айналаны бірте-бірте зертеп алдып, кітапханашы жаққа ұрлана көз тастадым.

Жаңа ғана үш-төрт оқушы қоршап тұрған. Менің сәлеміме жауап берді ме, жоқ па, ол жағына назар аудармаппын. Имене кіріп, газет қарай жөнеліппін.

Кітапханашы шашын иығына таман тұстан қырқып, бүйралап қойған екен. Біреуге үқсаттым. Әдетте, көп кинолар мен кітаптарда жігіт қызбен танысада біреуге үқсатады фой. Мен де кітапханашыны біреуге үқсаттым. Кімге? Кімге үқсайды? Ә-ә, таптым! Жапонның атақты кино жұлдызы бар фой! Кім еді сол? Ком-ком... Комаки! Иә, Комаки Курихара. Совет Одағының досы. «Жылына Москваға бір рет келіп қайту үшін себеп табуға тырысамын» деп бүкіл газеттерге уәде берген. Біздің фильмдерде ойнаған Курихара. Комаки! Ол әлденені шүқшия жазып отырды да, кекіл шашын қаламының сүйріктей сабымен самайына қайрып, маған қарады.

— Кешірініз...

Даусымның дірілдегені қалай? Қызыл дипломды, қорғасыншы инженер!

— Жарайды, кешірейік...

Мен қысыла күлімсіреген болуым керек. Кітапханашы да жымиды.

— Шымкент қаласына жаңадан келген едік...

— Қош келіпсіздер.

— Кітапханаңызды көрген соң... Кіріп, газет қарайын деп...

— Қараңыз, қараңыз, — деп ол қайтадан әлденені сыйырлатып жаза бастады. Шарикті қаламының ұшы сиырдың түяғындағы сырт-сырт етеді. Бұйтіп жаза берсе, қағаз шақ келмес.

Қызыл диплом алардан екі жыл бұрын, үйлену тоі-

ын жасар алдында келіншегім мені ұлken бір әңгімеге шақырған. Екеуміз сонда өмірлік маңызы зор көп-көп нәрсеге келіскенбіз. Міндеттеме қабылдағанбыз. Бірақ сол міндеттемелердің ішіне Шымкент қаласына жұмысқа барған соң, қызметтен жиырма бес минут та кешікпей келемін деген пункт жоқ секілді еді.

Кітапханадан кеш қайтыппын. Шымкент қаласындағы алғашқы шатақ сол күні-ақ шықты. Қуаныштысы сол, қызыл дипломның шынымен-ақ пайдасы тиді.

— Түсінесің бе, қызыл дипломмен келген жас мамандар көп емес көрінеді. Заводтың басшылары маған бірден назар аударып отыр. Бірнеше қоғамдық жұмыстың тізімін жасап, алдыма тартты. Бір-екеуін мойынға артуға тұра келді. Жас маман, қоғамдық жұмысты жапырып істейді деп, үйді тезірек беріп қалуығажап емес қой, жаңым...

Бұл сөз келіншегімді айтарлықтай жұмсартты.

Сейтіп, мен кітапханаға күн сайын қайырылатын болдым. Оның аты Сейсекүл екен. Біртүрлілеу көрінеді, әрине. Сейсекүл — Комаки. Кітапханашы екеу. Біреуі қартаңдау, қара торы әйел. Олар дүйсенбі күні демалады. Сейсенбі күні Сейсекүлді сағынып қаламын. Бұл кітапхананың жұлдызы неге ыстық көрінді маған? Осында бір келмесем, домбыраның қатты бұралған ішегіндей жүйкем тырылдайды. Бұл неліктен?

Осындағы сұрақтарды өзіме-өзім ашық қоя алмаймын. Анталап келіп, бірден буындыратын мұнданай тергеулерді мойындағым жоқ. Дегенмен осыларға үксас сұрақтардың да, олардың жауаптарының да қызыл дипломды инженердің күрделілеу ми қатпарларында бар екені тағы белгілі.

Бірте-бірте кітапханада егде тартқан қара торы апайым отырса, кіржің ете қалатынды шығардым. Ал, Сейсекүл болса, тәбем көкке жетеді. Келіншегім осыны білсе ғой, көкке жеткен тәбем де, әлгі көгім де ойылар еді дегенді ойлап құлімсіреймін кейде. Екеуміз бір-бірімізге үйрене бастағандаймыз. Бір күні мен оған осы кітапхананың тұрақты оқырманы болғым келетінін айтқанмын.

— Біз оған қуанамыз, — деген Комаки. Құлімсірегендей болды. Дәл алдына келіп отырғанда ғана

байқадым, күлімсірегені өксіп жылағанға ұқсады осы сөт. Жанарындағы дымқыл жарқылдан да мен соны аңғардым. Ол қағаз-қаламын алды. Сырт-сырт дыбыс естіле бастады.

«Аты-жөніңіз?» «Фамилияңыз?» «Тұған жылыңыз?» «Ұлтыңыз?» «Біліміңіз?» «Партиялығыңыз?» «Адресіңіз?»

Сырт-сырт-сырт. Сырт-сырт-сырт-сырт... Жазуы бітті. Мен туралы талай мәлімет біліп алды. Ал мен ол туралы ештеңе білмеймін.

— Кітап таңдай беріңіз, — деді ол. Сосын тағы да жаза бастады бірденелерді. Бұл жолы күлімсірегенін анық сездім. Көрдім. Сойлеген кезде күлімсірегендей болады екен. Бұрын үнемі солай ететін әдеті болған шығар. Кейін, иә, кейін, жаңа ғана мен байқаған дымқыл жарқылдағы мұнға тап болған соң әдетінен жаңылып қалған ба? Кім білген?

Таңдаған кітабымды жаздырарда бір тіл қатармын, одан кейін сөйлесерміз деп ойладап едім. Ол ойым жүзеге аспады. Мен ішкі жақтан кітап таңдал алып шыққанымда, тағы да үш-төрт оқушы жиналышынан шығарылған болған жаңылып қалған ба?

Кітапты тез оқып бітіріп, кітапханаға тағы келдім. Демалысым еді. Сәскеде келгем. Ол терезе алдындағы гүлдерге су құйып жүр екен. Даңада алтын сары күз еді. Комакидің үстінде жұқа сары көйлек, түбіттен тоқып, қызылға бояған жемпір. Курихараның кинодағы қимылы секілді еркелеу жүріспен су құйғаны қандай!

— Келіңіз, — деді.

«Келіңіз» дегені оны ауыл қыздарына ұқсатты. Осы жерде жапон қызы — кино жұлдызы ұмыт болды. Кенет Көрпесай ауылы көңіл айнасынан жалт етіп бір көрініп өтті. Көрпесай ауылы! Түрлі-түсті экранда бір жалт етіп өтті ғой!

Тура алдына келіп отырдым. Үстелінің жанына. Өзі әлі су құйып жүр. Шашын сілкіп қайырған сайын экранда Курихара пайда бола қалады. Сары көйлегінің жені желбіресе, Көрпесай ауылы шыға келеді.

Үстелдің үстінде ашық кітап жатыр еді. Коз жүргірттім. Теріс оқи беретін әдетім бар. Институтта жүргенде көп тиражды газеттің қызметкері де болғанмын. Теріліп шыққан жолдарды оқуға әуес едім. Бүтінге

дейін газеттің іісін құныға жұтатын әдетім содан болар, бәлкім.

Кітаптың ашық бетін теріс оқып отырмын. «Лестер приехал в семь часов. Дженнини, постаравшись как можно красивее нарядить Весту, только что прошла к себе в спальню, чтобы переодеться к вечеру...»

Көзімді жыпылықтаттым. Ойланып қалдым. «Бұл қай кітап? Таныс есімдер ғой. Қандай кітап еді, а?»

Тағы да теріс оқи бастадым: «Однажды утром, когда Лестер читал в гостиной газету, послышался какой-то шорох. Обернувшись, он с удивлением увидел голубой глаз, пристально глядевший на него в щелку притворенной двери...»

Лестер... Дженини... Сорлы Дженнини! Аяулы Дженнини! Бағы ашылмай қойған сұлу Дженнини! Теодор Драйзер екен-ау. «Дженнини Герхардт» қой!

Комаки столға келіп отырды. Күрсінді. Сәлден соң барып күлімсіреді. Әжім! Алыстан білінбейтін сияқты еді...

— Кешігуден қорықпайсыз ба?

— Кімнен? — дедім мен. Батылмын. Көптен таныс, еркін сөйлесіп жүрген адамдай сезінемін.

— Кімнен болушы еді...

— Қайдан білесіз? Мүмкін жоқ шығар?

— Алғашқы күні-ақ білгем.

— Бет-жүзімде жазулы тұр ма?

— «Шымкент қаласына жаңадан көшіп келген едік»,

— дегенсіз. «Келген едім» дей алмағансызы.

— Өзіңіз қорықпайтын боларсыз?

Ол иығын көтеріп қойды.

— «Дженнини Герхардт» па?

— Иә. Үшінші әлде төртінші оқуым. Осыны оқысам, жұбаныш табамын.

— Неден? — сұрағым тұрпайы болды.

Ол тағы да иығын көтерді. Иығын қиқаң еткізбей-ақ көтергені, шашына, иегіне, бүкіл болмысина жарасады. Тек көздерінің айналасындағы әжім іздеріне ғана келіспейтіндей.

Ол шарикті қаламын алғып, таза дәптерге әлденені жаза бастады. Сиыр тұяғының сыртылына үқсайды. Қөрпесай ауылдының сиырлары шашыратқылы беткеймен биікке котерілгенде түқтартынан шығатын осын-